

Мусаева Н.

МЕКТЕПТЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Мусаева Н.

ИННОВАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ШКОЛЕ

Musaeva N.

INNOVATIVE PROCESSES IN THE SCHOOL

Іздестіру тәртібінде жұмыс істейтін мектептің мақсаты бір жола қалыптасқан, бірқалыпты жұмыс істеу тәртібі бар мектептерден айырмашылығы бар. Осы айырмашылықтар мектеп басқарудың бүкіл жүйесінде белгілі бір із қалдырады.

Инновациялық үрдістердің нәтижесі инновация әсерінен мектептің түрлі салалары мен ішкі жүйесінде болып жатқан нақты өзгерістер болып табылады. Осылайша, білім берудегі жана енгізілімдер өзгерістерге ауысуы мүмкін:

- білім беру үрдісінің жалпы бағытталуы;
- білім беру траекторияларының саны мен сапасы;
- мектеп көрсететін білім беру қызметінің атаулары;
- білім беру мазмұны;
- білім беру технологиялары;
- біріне-бірі әсер ету сипаты, мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас;
- жеке білім беру үрдісін және оның арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру;
- оқу және тәрбие процесінің жылдамдығы, ырғағы мен қарқыны

Жаңа енгізілімдер келесі нәтижелерге алып келеді:

1. Мектеп қоғамдастығындағы ынтымақтастықтың дамуы
2. Мұғалімдер мен тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігінің дамуы
3. Мектептің материалдық базасын байыту
4. Мектептің қаржы мүмкіндігін кеңейту
5. Мектептегі тіршілік әрекетінің нормативті негіздемелерінің жаңаруы

Мектептегі инновациялық іздестірулер келесі бағытта жүруі мүмкін:

1. Білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру
2. Жаңа педагогикалық технологияларды өңдеу мен іске асыру
3. Жасөспірімдер мен балалардың даму әдістемесі мен жүйесін жетілдіру
4. Оқу мекемелерінің жаңа түрлерін ұйымдастыру (лицей, гимназия, колледж және т.б)

Үшінші бағытқа толық тоқталып, оқушылардың танымдық қызметінің күшеюіне және олардың оқу мотивациясының жоғарылауына септігін тигізген және септігін тигізетін үлгілер мен жаңа енгізілімдерді қарастырайық.

Ең бастысы – бұл барлық оқу пәндерін меңгеру процесі кезінде мұғалімдер мен балалар арасындағы тәрбиелік мән негізінде құрылған практикаға енгізілген үлгілер. Осы бағыттағы насихаттың жарқын өкілі Ш.А. Амонашвили болған. Егер де өткен ғасырдың 80-90 жылдары бұл бағыт жаңашылдық болып саналса, енді ол бүкіл жерге тарау сатысында. Осы бағытқа бала мен мұғалім арасындағы бірлескен өнімді еңбек жағдайы деп аталатын В.Я.Ляудис жасаған инновациялық оқуды ұйымдастырудың үлгісі қосылады.

Осы үлгінің бірнеше сатысын қарастырайық: Біріншісі – бұл оқушы мен мұғалімнің бірлескен қызметі, мағынаны, мақсатты, дұрыс қалыптасып келе жатқан қызметті маңыздандыру негізінде оқушыны жаңа оқу тапсырмаларынан хабардар болуын қамтамасыз ететін қызметке ендіру. Творчестволық тапсырмаларды шешу кезінде мұғаліммен бірге жасалған әрекеттер оқушыны тапсырмаларды белсенді шешу процесіне қызықтырады және қызмет өнімділігін алу үшін керекті жаңа әрекеттерді қалыптастырады. Бұл процесті еліктеу деп анықтауға болады, мұндай еліктеу әрекеттері оқушыларды танымдық тапсырмаларды шешудің жолдарын бірлесіп іздеу мен практикалық бағыттағы түрлі жағдайларды шешу процесіндегі үлкен бастамаға жетелейді, бұл жемісті нәтижеге алып келеді.

Келесі саты – оқушының ықыласын кеңейтетін, бақылау ортасын да, үрдіс, нәтижені шешу бағасын да қамтитын, оқушыларды мұғалім қойған мақсатты және нәтижелі тапсырмалардың мағынасын анықтауды таңдау алдына қоятын қолдау тапқан әрекеттер.

Одан әрі, тапсырманы шешуге байланысты әрекет құрылымының барлық компоненті бойынша оқушылардың өзін-өзі бақылауға жетуін жобалайтын өзін-өзі реттейтін әрекеттерді атауға болады. Сондай-ақ, олар бұрын мұғалім берген продуктивті тапсырмалар спектрі шеңберінде мақсат қоюды қамтиды.

Төртінші саты - өздігінен пайда болатын, жаңа мақсаттарды қоюмен, нәтижеге жету үшін бақылаудың сыртқы және процессуалдық түрлерінің қысқартылуымен байланысты әрекеттер. Оқушыларға өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік беру олардың қызметінің белсенділігіне алып келеді. Содан соң, өздігінен

ұйымдастырылатын әрекеттер пайда болады. Бұл әрекеттер конструктивті қарым-қатынас жолдарын апробациялауға және практикалық тапсырмаларды шешуге қатысатын барлық қатысушылардың қарым-қатынасына, қатысушылардың өзара әрекеттесуінің ұстанымдарын белсенді түрде өзгертуге бағытталады.

Одан әрі, оқушылардың бірлескен қызметін қарастыратын болсақ, мұнда бірлескен қызмет процессінде олардың танымдық қызметінің белсендірілуіне әкеп соқтыратын аспектілерге көңіл бөлу де маңызды.

Нәтижесінде, тұлғаның жаңа ұстанымдары және мұғалім мен оқушы арасындағы тұлғаралық қатынас қалыптасады, ал жұмыс барысында топтағы оқушылардың бірін-бірі байытуға, танымдық тапсырмаларды жақсы орындауларына, өзін-өзі бақылауды дамыту мен сөйлеу қызметі мүмкіндігіне жағдайлар жасалады.

Осылайша, қарым-қатынас жасау коммуникативті қызмет арқылы жүзеге асады, ол мұғалім мен оқушы арасындағы нәтижелі өзара әрекеттесудің қалыптасуына септігін тигізеді.

Психологтар оқушылардың танымдық қызметін белсендіру үшін оларды бірлескен оқу әрекеттеріне, топтық жобаларға және сыныптық талқылауларға қатысуына итермелеу қажет деп ұйғарады.

Жаңа енгізілімдердің жан-жақты классификациясы осы күнге дейін әлі жоқ, дегенмен оны ұсыну бір емес, бірнеше рет жасалған. Сөйтіп, Е.Д. Никитин инновацияларды қызмет түрлері, зат өзгерістері, өзгеріс ауқымы, жаңашылдықтың инновациялық потенциалы сияқты бірнеше белгісі бойынша бөледі. Оның ойынша, инновациялар педагогикалық процесстің барлық компоненттеріне күшті жүйелік, жалпы құрылым мен жалпы педагогикалық қоғамдастық қызметіне әсер етуді қамтиды. Е.Д. Никитиннің ұсынған инновацияның он жеті түріне талдау жасалып, танымдық қызметті белсендіруге сәйкес келетін келесі нәрселер, объектінің қызмет ету әдісінің өзгеруінің қажеттілігі, яғни процесс, қабылдау, әдістер, түрлер мен оқу технологиясындағы өзгерістер деп шешілді. Одан әрі, білім беру үрдісін ұйымдастыру әдістеріндегі

өзгерістер: интеграция, дифференциация, жекешілдік, және тұлғалық бағыт. Қызмет құралдарының өзгеруі: ақпараттық, дыбыс-бейне, компьютерлік және мультимедиялық технологияларға көшу. Педагогикалық процесске қатысушылар қызметі жағдайының өзгеруі, сондай-ақ танымдық белсенділік деңгейі мен объектіні өздігінен игерудегі өзгеріс: ақпараттық технологиялар, оқушылар қызметінің алгоритмдік және іздестіру тәртібі.

М.В. Кларин педагогикалық инновациялардың 2 негізгі түрін ажыратады: 1 түрі - оқу процессін жетілдіретін, оның дәстүрлі репродуктивті бағыт-бағдар шеңберіндегі кепілдігі бар нәтижелерге жетуге бағытталатын инновациялар мен жаңартулар.

2 түрі – дәстүрлі оқу процесін өзгертетін, оның зерттеу сипатын қамтамасыз етуге, оқу-танымдық іздестіру қызметін ұйымдастыруға бағытталатын инновациялар мен трансформациялар. Сәйкес іздестіру жолы оқушылардың өздігінен жаңа білімді іздестіру тәжірибесінің қалыптасуын, оларды жаңа жағдайларда қолдануды жобалайды. Осылайша, дәстүрлі емес сабақтар инновациялар мен трансформацияларға қатысты. Олар оқу процесінің дамуына және оқушылардың танымдық қызметін белсендіруге тиімді әсерін тигізеді.

Сөйтіп, педагогикалық инновациялардың қай түрі жайлы сөз болмасын, оларды білім беру жүйесінің жаңаруы, білімнің әлеуметтік маңыздылығының және адамның танымдық-творчестволық мүмкіндігінің өзгеруі біріктіреді. Инновациялық тәртіп жағдайында оқушылардың, сондай-ақ мұғалімдердің тұлғалық өзін-өзі анықтаудың белсенді процесі жүреді.

Әдебиет:

1. Анисимов В.В. Общие основы педагогики. Учеб. для вузов / В.В.Анисимов, О.Г.Грохольская, Н.Д.Никандров. М.: Просвещение, 2006. 574 б.
2. Ляудис В.Я. Инновационное обучение и наука. М., 1992. 50 б.
3. Никитин Е.Д. О полифункциональности сложных систем // Синергетика. М: МГУ, 1999. 2 т. 280 Б.
4. Кларин М.В. Инновационные модели обучения в современной и зарубежной педагогике // Педагогика. 1994, №5. Б.104-109.

Рецензент: д.пед.н., профессор Рысбаев С.